



# **САЯСИ БИЛІК**

**№ 4 тақырып.**

---

- 1. Билік ұғымы және оның тұжырымдамалары.
- 2. Биліктің формалары. Саяси және мемлекеттік билік.
- 3. Биліктің құрылымы: институттары, ресурстары мен қызметтері.
- 4. Биліктің эволюциясы. Билікті ұйымдастыру мен оның әрекет ету принциптері.
- 5. Билік легитимділігі. Билік - саясаттың ең өзекті мәселелерінің бірі.
- бұл тақырыпта біз биліктің ұғымын, ол туралы негізгі тұжырымдамаларды, оның түрлері мен формаларын, негізгі институттарын, ресурстарын, атқаратын қызметтерін қарастырмақпыз.

# Жоспар

---

- Билік – бір адамдардың өзгелерінің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне құқықтық нормалардың, беделінің, еркінің, күшінің, мәжбүрлеудің көмегімен нақты ықпал ету қабілетін, мүмкіндігін, немесе субъектілердің объектілерге өз ықпалын жүргізуді айтамыз. Билік туралы түсінік күнделікті өмірде, ғылыми әдебиетте кеңінен қолданылады және әр түрлі сипатта түсіндіріледі. Мәселен,
  - философтар оны- қоғамдық процестің объективті заңдылығы;
  - әлеуметтанушылар - әлеуметтік үстемдік пен мүліктік, саяси, мәртебелік теңсіздік;
  - экономистер- шаруашылық үстемдік пен ықпал ету;
  - саясаттанушылар - саяси үстемдік;
  - жаратылыстанушылар - табиғат заңдылығы;
  - психологтар - адамның ішкі дүниесі
  - діндарлар - тәңірінің, жаратушының пенделеріне ықпал ету мүмкіндігі туралы тұжырымдармен түсіндіреді. Билік адамзат пайда болғаннан бастап пайда болған әлеуметтік құбылыс.

## **Билік ұғымы және оның тұжырымдамалары.**

---

- Қазіргі ғылыми әдебиеттерде биліктің көптеген анықтамалары бар. Олардың ең негізгілері мыналар:
- 1) Бихевиористік анықтама – билікті адамның өзгелерге ықпал етуге арналған ерекше мінез-құлқы ретінде анықтайды.
- 2) Телеологиялық анықтама (ағылшын. teleos - мақсат) билікті мақсаттарға жету, нәтижелер алу, шешімдер қабылдау мүмкіндігі ретінде анықтайды;
- 3) Инструменталды анықтама билікті белгілі бір құралдарды, әсіресе, күштеу құралдарын қолдану мүмкіндігі ретінде анықтайды;
- 4) Структуралистік анықтама билікті басқару мен бағыну арасындағы қатынастардың ерекше түрі ретінде анықтайды.
- 5) Конфликтілік анықтама билікті дау-жанжалдарды шешу мүмкіндігі ретінде анықтайды.

**Билік ұғымы және оның тұжырымдамалары.**

---

- Жалпы алғанда билік дегеніміз тап, әлеуметтік топ, мемлекет, жеке адам т.б тарапынан өзіндік ерік-жігерді іске асырудағы қабілеттілік пен мүмкіндіктерді пайдалана отырып адамдардың қызметі мен мінезқұлқына бедел, күштеу құралдары арқылы әсер ету деп түсіндіруге болады.

**Билік ұғымы және оның тұжырымдамалары.**

- Саяси және мемлекеттік билік. Жеке билік, топтық билік, отбасылық билік, ұжымдық билік және. бірнеше түрлері бар, соның ішіндегі ең маңыздысы саяси билік болып табылады. Себебі, ол үлкен әлеуметтік топтар арасындағы саяси қатынастарды көрсетеді. Саяси билік – белгілі бір таптың, топтың саясатта халықтың үлкен қауымдастықтарына өз еркін жүргізе алу қабілеті. Саяси билік – саясаттанудың негізгі пәні болып табылады.

## **Биліктің формалары**

---

- Саяси билік төмендегідей негізгі белгілермен сипатталып, өзін көрсетеді:
- 1) еріксіз көндіру;
- 2) қызықтыру;
- 3) сұранымды қалыптастыру;
- 4) саяси митингілер;
- 5) тікелей және жанама мағлұматтарды бақылау;
- Саяси билікті танытатын объективтік факторлар: - өкілетті мекемелерді қалыптастыру әдісі және тәртібі. - заң шығару және атқару органдарының, орталық және жергілікті органдардың қарым-қатынасы: (билікті бөлу, парламентаралық, министрлік қарым-қатынастары); - саяси партиялар мен ауқымды қозғалыстар қызметінің мәні мен шарттары; - жеке адамның құқық статусы, құқықтың іске асу кепілдігі; - жазалау және құқық қорғау органдарының қызмет істеу тәртібі; - рұқсат ету және етпеу мазмұны (заң жүзінде); - саяси қоғамның тұрақтылығы. Саяси биліктің ең жоғарғы, дамыған негізгі формасы - мемлекеттік билік. Мемлекеттік билік күштеу аппаратына сүйене отырып, баршаға бірдей заңдар қабылдауға монополиясы бар ерекше саяси билік формасы.

# Биліктің формалары

---

- Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқықты, ал екіншілері оларға бағынуға міндетті. Саяси билік әлеуметтік институттар арқылы жұмыс істейді. Институт деп қоғамдағы адамдар қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында арнайы құрылған мекемелер мен олардың жүйелерін айтамыз. Биліктің институттары: Мемлекет, оның басшысы, Үкімет, Парламент, партиялар, орталық, аймақтық, жергілікті деңгейдегі әкімшілік мекемелері, күштеу органдары

**Биліктің құрылымы:  
институттары, ресурстары мен  
қызметтері.**

---



- Билік төмендегідей қызметтер атқарады: - әлеуметтік тұтастықты сақтау; - билікті жүзеге асырушы топтардың қажеттіліктері мен мүдделерін жүзеге асыру; - әлеуметтік қатынастарды реттеу, қоғамның өмір сүру тұрақтылығын қолдау; адамдар арасында қоғамға қажетті тепе-теңдіктерді қамтамасыз ету; - бір әрекеттерді, құбылыстарды қолдау, мадақтау, ал, екіншілерін болдырмау, тосқауыл қою және шектеу.

**Биліктің құрылымы:  
институттары, ресурстары мен  
қызметтері.**

---

- Мемлекеттік биліктің заңдылығы оның легитимдігінен білінеді. Легитимдік (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) дегеніміз халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы. Немістің көрнекті ғалымы Макс Вебер билік басына келудегі легитимдіктің мінсіз түрлері ретінде үш үлгісін көрсетеді.
- 1) Әдет – ғұрыптық (дәстүрлі) легитимдік. Билік негізінен салт-дәстүрге, қоғамда орнаған жоралғыларға негізделіп отырып мойындалады. Дәстүрлі билік әдетте жеке адамның қолында болады. Мәселен билік өкілдерінің бір сословиеден сайлануы, атадан балаға мұраға қалдырылуы т.б. осы легитимділіктің мысалы бола алады.
- 2) Харизматикалық легитимдік. Харизма (құдайдың сыйы) деген сөздің өзі де көсемге, мемлекеттік басқарушының жеке басына табыну деген мағынаны білдіреді. Саяси биліктің харизматикалық түрі халық бұқарасының соқыр сеніміне негізделген биліктің мейілінше ерекшелігін, қайталанбайтындығын мойындауға негізделген. Бұл ретте халық басшының билігінің рационалдылығына көз жүгіртпей ақ, оны әулие, киелі, қасиетті деп таниды. М. Вебер бастапқыда мұны адамзатқа діни насихат жүргізген пайғамбарларға қатысты қолданады. Алайда, көсемнің жеке басына табынудың (Ежелгі дүние мен орта ғасырлардағы императорлардың, КСРО-дағы Сталиннің, Қытайдағы Мао Цзе Дуньнің, Солтүстік Кореядағы Ким Ир Сеннің) көмегімен билікті мойындау дәл осы харизматикалық легитимділіктің мысалы бола алады.
- 3) Ақыл – парасаттық, құқықтық легитимдігі (рационалды).. Бұл Заңға, Конституция мен ақыл-парасатқа негізделген легитимділіктің түрі. Мұның өзі дәстүрлі биліктен ұтымды билікке өту кезеңіне сай келеді. Рационалды ақылға қонымды заңға негізделген билік көпшілік тарапынан қолдау табатын, өз-өзін ақтайтын билік.

# Билік легитимділігі.

---